

С.А. Кенжеғалиев*

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қазақстан
(e-mail: Sayan582@mail.ru)***Тілдік тұлғаның сөйлеу әрекеті және лексиконы**

Мақалада тілдік тұлғаның сөйлеу әрекетінің ажырамас бір бөлігі саналатын айтылым үдерісі мен лексикон ерекшеліктері қарастырылды. Ділдің адам психологиясы мен сөйлеуіне әсері, керісінше, психология мен тілдің ділге әсері бар ма деген мәселелер анықталды. Ділдің психологиялық құбылыс ретінде әмбебап сипатта болатындығын, психика әрекетінде ұлт-ұлтқа ортақ жайттар басым екені, ал осыны тілмен жанастырғанда барып ұлттық ділдің ерекшеліктері байқалып отыратындығы айқындалды. Қалай десек те, психоллингвистика тұрғысынан қарасақ, ділдік лексикон жеке адамдардың жалпы адамзат бөлшегі ретіндегі психикасына, жанның ішкі қимылына байланысты екендігі байқалды. Қарапайым түрде айтсақ, сөз саптау мен қабылдау әрекеті ұлт-ұлтқа ортақ. Оларды өзгешелейтін — болмысты бейнелеу үшін қолданылатын тіл болып шығады екен. Сонымен бірге, зерттеуде тілдік тұлғаның сөйлеу кезінде сөз мағынасын өзінің прагматикалық мақсатына сай қолдануына қатысты қырлары мен ерекшеліктеріне назар аударылған.

Кілт сөздер: сөйлеу әрекеті, тілдік тұлға, лексикон, сөз өндіру, діл, қабылдау, репрезентация, код, жады.

Кіріспе

Сөйлеу әрекетінің ажырамас бір бөлігі саналатын айтылым үдерісіне қатысты психоллингвистикалық, атап айтқанда, сөз өндіру мәселелері де біршама зерттеуді қажет етеді. Орыс тілінде «речепроизводство», «производство речи», «продуцирование речи» деп аталып жүрген бұл терминге балама ретінде қазақ тілі мамандары «сөз жасау», «сөз түзілімі», «сөз тудыру» «сөз жұмсау» т.б. тіркестерді қолданып жүргені бізге белгілі. Дей тұрсақ та, психоллингвистикалық үдерістен хабардар адам сөйлеудің өзі бір «өндіріс» екеніне таласпас еді. Осыны ұғынғандықтан біз «сөз өндіру», «сөйлеу өндірісі» деген тіркестерді қолай көріп, тоқтадық. Лингвистикалық әдебиетте «речепроизводство» және «продуцирование речи» нұсқалары қатар, бір-бірін алмастыра қолданыла береді. Сөз өндіру үдерістерін тікелей көру, бақылау мүмкін емес, сондықтан олардың соңғы немесе аралық нәтижелері жөнінде ғана сөз қозғауға болады. Соңғы өнім деп мәтін, айтылыс немесе жекелеген сөзді айтамыз.

Сөзді қабылдау үдерісі мен ділдік лексиконның қатысы қандай деген сауал туындайтыны сөзсіз. Бұл, әрине, тұлғаның сөзді түсініп барып санаға сіңіруімен байланысты. Жария болған сөзді, мәтінді түсіну міндетті түрде жағдаятқа сүйену, бізді қоршаған әлемдегі зат пен құбылыстардың немен қалай, қаншалықты, неге, не үшін байланысатындығы туралы білімдер құрылымына сүйену арқылы жүзеге асырылады. Осыдан ділдік лексиканы жариялау мен түсіну үшін арнайы тірек ретінде қорытынды білім қажеттігі (тіпті, кей жағдайда мұқтаждығы) келіп шығады.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Зерттеу жұмысымызға қажетті материал психоллингвистикалық, тілдік қатысым, сөйлеу қарекеті, танымдық лингвистика теорияларына арналған ғылыми еңбектерден, сөздіктердің материалдарынан алынды.

Зерттеу ізденісі ғылыми-теориялық парадигманың мүмкіндіктерін жаңаша тұжырымдамалық сипатта қарастыруға арналды. Зерттеу жұмысында жинақтау, семантикалық саралау, компонентті талдау әдістері пайдаланылды. Тұжырымдар тәжірибе арқылы тексерілді.

Негізгі бөлім

Сөз өндіру — күрделі психика-физиологиялық үдеріс. Психоллингвистика тарихының басқы кезеңінде (XX ғ. 60 жылдары) коммуникативтік үдеріс модельдері «кесек күйінде» тұтастай жасалған

* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: Sayan582@mail.ru

болатын. Бұл жалпылама теория бойынша, байланыстағы негізгі үдерістер ретінде «кодтау» және «кодты ашу» мәселелері, яғни сөйлеуші интенциясының қандай да бір мәдениетте мақұлданған код сигналдарына қайтіп айналатындығы, сондай-ақ мұндай сигналдарды тыңдаушының қайтіп интерпретациялайтыны зерттеуде басты назарда ұсталып, мұны С.Е. Осгуд, Т.А. Себек т.б. ғалымдардың арнайы қарастырғандығы белгілі [1: 203].

Айтарман да, тыңдарман да қалай болғанда да белгілі бір ұлттың өкілі болады, сол ұлтқа тән, сол ұлт өкілдеріне түгелдей түсінікті сигналдарды қолдана отырып, өз мақсат-ниетіне сәйкес хабарламаны (сообщение) құрастырады. Мысалы, филологияда лингвистикалық терминдер, яғни күнделікті өмірде филолог емес адам «дыбыс» деп атайтын құбылысты филолог «фонема» деп, ал тіл ерекшелігін «диалект» деп айтады. Осы ауызша хабарламаны құрастыру сәтін — кодқа салу деп белгілейміз. Ал тыңдаушы сол сигналдарды қабылдап алады және мүмкіндігінше бара-бар түрде тәпсірлейді. Егер сөйлеуші кодқа салған ақпаратты тыңдаушы дұрыс, дәл түсінсе, яғни кодты аша алса, сөйлеу мақсатының орындалғаны. Егер біз кодты ашудың дұрыстығы хабардың дұрыс қабылдануы десек, онда хабарды түсіну (дұрысында, қабылдау) кодты дәл ашумен түсіндіріледі, бастысы, хабар кодқа дұрыс салынуға тиіс.

Ал тыңдаушы алынған ақпаратты түсінбеуі, яғни кодқа салынған ақпаратты жеткілікті дәрежеде аша алмауы мүмкін. Ақпарат мол, күрделі болуымен байланысты оның бәрін түгелдей қабылдау қиындай түседі. Сондықтан жіберілген ақпараттардың ішінде коды ашылмаған сөздер болуы әбден мүмкін. Теориялық тұрғыда кодқа салынған ақпаратты (фактілік, эмоционалдық, коннотативтік т.б.) жүз пайыз деңгейінде ашу мүмкін емес. Ол — тыңдарман мен айтарманның білім қорына, ақпарат нысаны туралы хабардарлығына, сондай-ақ сөйлеушінің сөзді қолдану ептілігіне және сөйлеу жағдаятына байланысты. Осы кодқа салу мәселесі біздің жұмысымызда сөз өндіру үдерісіне, ал кодты ашу — сөзұғыным үдерісіне негіз болады.

Психолингвистикада Л.С. Выготский идеяларын бағдарға алу дәстүрге айналған. Оның айтылымды ойдың сөзге айналуы деп түсінуі, Л.С. Рубинштейннің сөздің ойдың тұжырымдалу барысында құрылып, қалыптасатыны туралы пікірлері ғылымда кеңінен таралған. XX ғасырдың 30 жылдарынан бастап сөз өндіру (речепроизводство) үдерісі тікелей сөз арқылы ойлау үдерісімен тығыз байланыста қарастырылып келеді. М.М. Копыленко сонау 60-жылдары сөз туындату және жинақтау (порождение и синтез речи) ұғымдарының арасындағы айырмашылықтарды талқылап, мынадай қорытынды жасады: «Сөз өндірімі — табиғи үдеріс және сөздер ағынына немесе басқаша бір материалдық символдарға айналуына дейінгі кезең болғандықтан, көмес өткерілетін үдеріс болса, туындату және жинақтау (порождение и синтез) — лингвистердің теориялық еңбектерінде немесе оқу құралдарында ғана кездесетін жасанды үдерістер» [2: 99].

Сөз өндіру дегеніміз не екендігі туралы сұрақтың толық та нақты жауабын әдебиеттерден кездестіру қиын. Бұл мәселені азды-көпті немесе тіпті ауқымды көлемде сөз еткен ғалымдардың еңбектерінде де «сөз өндіру» ұғымының анықтамасын таба алмадық. Ал енді осы үдерісті белгілі бір үлгіге түсіруге тырысқан, оның әр түрлі модельдерін жасап ұсынған т.б. авторлардың еңбектеріндегі аталмыш ұғымға қатысты деректерді қал-қадырынша жинақтай келе, Қ.Ө. Айтмұхаметова сөз өндіруге (оның терминдеуінде — сөзтудырым) мынадай сипаттама (анықтама) берген екен: «Сонымен, сөзтудырым дегеніміз — сөйлеуші субъектінің белгілі бір ситуацияда орын алған белгілі бір жағдай, әрекет т.б. себептерге қатысты пайда болған ойын, коммуникативті ниетін білдіру үшін, өзінің аялық және энциклопедиялық білімдерінің ішінен керекті ақпаратты іріктеп алуы және сол ақпаратты тыңдаушыға дұрыс, дәл, нақты етіп жекізу үшін тілдік білімін, яғни тілдің құрылымын, тілдік дағдыны және норманы білу нәтижесінде жүзеге асыратын аса күрделі психика-физиологиялық процесс» [3: 28]. Алайда, Қ.Ө. Айтмұхаметова, бәлкім, зерттеу бағыты институционалдық тілдік коммуникация болғандықтан, жоғарыда біз көрсеткен Л.С. Выготский пікірлерін арнайы зерттеуден тыс қалдырған.

Сөз өндіру сөйлеушінің сөздің коммуникативтік сапасын бағамдауының мәні зор. Бұл өз кезегінде сөзұғыным үдерісінің кедергісіз, дұрыс, прагматикалық деңгейде өтуіне әсерін тигізеді.

Көрнекті психолингвист А.А. Леонтьев тұлғаның сөйлеу әрекетін сөз арқылы ойлау үдерісімен байланыстырады, осы үдерістің әр түрлі кезеңдерінде орын алатын үдерістер мен бірліктерді теориялық тұрғыдан ұғындыру және нақтылау жолында зерттеу жұмыстарын жүргізді.

А.А. Залевская ділдік лексикон мен сөйлеу әрекетінің байланыстарын азды-көпті қарастырған зерттеушілер еңбектерінің ішінен хронологиялық тәртіп бойынша алынған үш модельді атап көрсетеді. Олардың біріншісі адамның ішкі лексиконын, оның бірліктерінің мәнін, ерекшеліктерін

анықтау мақсатымен жасалған және нақты эксперименттер нәтижелеріне сүйенеді [4]. Шетел тілінде сөйлеу әрекетін үйретуге арналған екінші модель айтылысты қалыптастыру мен тұжырымдаудың психологиялық механизмдерін талдауға негізделеді [5]. Сөз өндірудің синтаксистік механизмдеріне баса назар аударылған үшінші модель афазия (бұзылыс) барысындағы сөйлеудің бұзылуына байланысты зерттеулердің қорытындысын жасайды [6].

А.А. Залевскаяның еңбегінде ділдік репрезентацияны айқындау үшін келтірілген А. Гарнхамның пікірінше, білімнің әр алуан түрлерінің, атап айтқанда — дүниенің тілдік бейнесі туралы білімнің, риториканы, прагматиканы, семантиканы, синтаксисті білудің, фонологиялық және лексикалық білімдердің, қоршаған әлемдегі қандай да бір ахуалдың — өзара қайтіп әрекеттесетіндігін оны (ділдік репрезентацияны) дискурстің бір бөлігі ретінде сөйлеу факторына айналдыру («аудару») жолында түсіндіретін — сөз өндіру теориясы [1: 225]. Онда сонымен қатар қорытынды білім (тілдік, энциклопедиялық) түрлері, эмоционалды-бағалау әсерлері т.б. көптеген нәрселер ескерілуге тиіс. Ол үшін индивидтің білім ерекшелігі теориясына, сөз мағынасын индивид игілігі ретінде қарастыратын теорияға сүйенудің маңызы зор. Қысқасы, адамның тұлғааралық өзара әрекеттестікке енгізілген тілдік, сөйлеу механизмінің қызметін қарастыратын кешенді теория керек.

Сөзұғыным және ондағы тірек ұғымдар ділдік лексиконның сипаттарын ашып-айқындау үшін аса қажет. Сөздерді немесе ауызша мәтінді түсіну үдерісін талдауға арналған зерттеулерде дыбыс, графемадан бастап айтылыс, мәтіннің мағынасына дейінгі негізгі кезеңдер түрліше түсіндіріледі. Шартты түрде екі негізгі кезең бөлініп көрсетіледі. Олар: сөзді қабылдау (восприятие речи) және сөздіұғыну (речепонимание).

Сырттай қарағанда, сөзұғыным қас қағымда орындалатын сияқты, алайда бұған енгізілетін («входной») сигналды (дыбыстар ағыны) көп кезеңді қайта өңдеу арқылы қол жеткізілетінін, ал ол мәнді, маңызды сигнал ретінде танылуы керектігін, адам үшін сөз ағынын мәнді бөлшектерге дұрыс бөлу, көп мағыналы (полисемантикалық) сөздің керекті мағынасын таба білу, омоним сөздерді ажырата білу т.б. үнемі оңай бола бермейтінін ділдік лексиконның негізгі сипаттарының бірі екендігін айтып өткен болатынбыз. Бұл тұста сөзұғынымның ділдік лексиконға ғана емес, жалпы сөйлеу әрекетіне тән екендігін ескертумен шектелуге тура келеді.

Сөздің мән-мағынасы туралы мәселе семиотика, герменевтика, философия, лингвистика, психология ғылымдары үшін күрделі проблема болып келеді десек, артық айтқандық емес. Әрбір зерттеуші оны өз зерттеу пәніне қатысты әр қырынан қарастыратындықтан, мағынаның мәніне де түрліше анықтама беретіні түсінікті. Күні бүгінге дейін сөз мағынасы жөнінде бірегей тоқтамды анықтаманың жоқтығы, ол жөніндегі плюралистік пікірлердің болуы осыдан болса керек.

Орыс, сондай-ақ шетел лингвистикалық семасиологиясында сөз мағынасы полисемия құбылысы ретінде, тезаурустық сөздік арқылы (қамтылатын ұғымдық аясы мен сөздер арасындағы мағыналық байланыстар) және психолингвистикалық тұрғыдан (мағына объективті, психикалық факт және сөйлеуші санасына қатысты субъективті факт ретінде) сараланып келеді. Қазақ тіл білімінде сөз мағынасы полисемиялық құбылыс ретінде, грамматикалық, лексикографиялық тұрғыдан зерттелген.

Біздің зерттеуімізде тұлғаның сөйлеу кезінде сөз мағынасын өзінің прагматикалық мақсатына сай қолдануына қатысты қырлары мен ерекшеліктеріне назар аударылады.

Сөзді тұлғаның игілігі ретінде қарастырғанда, оған адамның тілдік, сөйлеу механизмінің қолданылуы ерекшелігі тұрғысынан келу керек. Яғни адам сөздің мағынасын білгенде немесе білем деп ойлағанда нені біледі, таныс, түсінікті сөздің мағынасын қабылдағанда неге сүйенеді, сөзді жадтан іздестіру кезінде, қабылданатын мәтінді түсіну кезінде қандай стратегиялар мен тірек элементтер қолданылады деген мәселелерді түсіндіретін тәсіл керек.

Нәтижелер мен олардың талқылануы

Адамның сөйлеу әрекетінің механизміндегі сөздің қызметін оның мағыналық жақтары белгілейді. Ал мағына ерекшеліктерін, сөз мәнін тұлға игілігі ретінде зерттеуде мынадай бағыттар айқындалған: ассоциативтік, параметрлік, белгілік, прототиптік және жағдаяттық. Оларға тән негізгі «шешуші-ұғымдар» — ассоциация, параметр, белгі, прототип, жағдаят. Бұл тәсілдер туралы қысқаша баяндаймыз.

а) Сөз мағынасын ассоциативтік тұрғыдан қарастыру. Ассоциативтік мағына ұғымы спецификалық ішкі құрылымды, байланыстар мен қатынастардың құрылымдық үлгілерін іздестіру барысында пайда болып, қалыптасады. Ол үлгі адам санасында сөз (речь) бен ойлау арқылы түзіледі, адамның тәжірибесінің жан-жақты түрде когнитивтік тұрғыдан жинақталуына тірек болады, сөздің

ассоциативтік байланыстарын талдау арқылы табылады. А.А. Залевскаяның куәландыруы бойынша, Дж. Киш пен оның әріптестері жүргізген эксперименттік зерттеу нәтижесінде жарық көрген «Ағылшын тілінің ассоциативтік тезаурусында» «тікелей» ассоциативтік байланыстар мен (белгілі бір сөзге қатысты алынған реакциялар) «кері» байланыстар жауап ретінде алынған, ойға түскен барлық сөздер туралы деректер қамтылған. Бұл тәсілді А.А. Леонтьев жоғары бағалаған болатын. Ол Дж. Диздің әдісімен бөлініп алынған факторлар мазмұны жағынан сөздердің семантикалық компоненті ретінде жеңіл түсіндірілетінін айтады. Ал бұл — сөздердің семантикалық және ассоциативтік сипаттамаларының психологиялық табиғатының принципті тұтастығының бір дәлелі. Зерттеу барысында ассоциативтік тәсілді қолданудың берері мол.

ә) Сөз мағынасын параметрлік тұрғыдан қарастыру. Бұл тәсіл бойынша, тіл тұтынушы үшін сөз мағынасы монолитті, ажырамас тұтас емес, оны құрамдас бөліктерге бөлуге, ал ол бөліктердің берілу дәрежесін шамалап, мөлшерлеуге болады. Бұл бағыттың қалыптасуы Чарльз Осгуд енгізген семантикалық дифференциал әдісі әртүрлі зерттеулерде кеңінен қолданылып келеді. Ч. Осгудтің көрсетуінше, семантикалық дифференциал әдісі сөздің коннотативтік мағынасын шамалап-мөлшерлейді. Ал коннотативтік мағынаны белгілі бір кеңістік шеңберінде жинақтау, ықшамдау (локация) арқылы сипаттауға болады. Ол кеңістік тәуелсіз үш факторға (бағалау, күш, белсенділік) сәйкес келетін негізгі үш параметрмен өлшенеді. Мұндай кеңістіктегі жағдай осы факторларды талдау арқылы айқындалады.

Жекелеген бір параметрдің өзі де бірнеше шамалар жиынтығынан тұратыны, ол шамалардың әрбірінің сөз мағынасына қосатын үлесі, тигізетін әсері әрқалай өзгертіндігі анықталған [1: 108]. Бізге керегі — адамның сөзінің тасасында не болатындығы. Сондықтан семантикалық дифференциал әдісімен тұлғалық конструкт теориясын сабақтастыра қарайтын В.Ф. Петренко ұсынған жол оңтайлы болып көрінеді. Ол — сана мен тұлғаны психосемантикалық арнаға салып зерттеуді ұсынады. Мұндай зерттеуде индивид санасында мағынаның көрінуінің түрлі пішіндері (нышан, рәміздер, бейнелер, рәсімдік және коммуникативтік әрекеттер, сөздік ұғымдар) қарастырылып, мағыналардың индивидуалдық жүйесін жаңғырту жөнінде эксперименттер, шаралар өткеруге талпыныстар жасалады. Семантикалық кеңістіктің орналасуындағы сезімнің рөлі, психосемантиканың қозғалыс-құбылыстарын зерттеу ниет етіледі.

б) Сөз мағынасын оған тән белгілер бойынша қарастыру. Сөз мағынасын тұлға қалай қолданады? Осы тұрғыдан зерттеушілердің бірқатары сөз астарындағының бәрін белгілердің бір тобы, жиыны арқылы суреттейді. Ол белгілер сөзбен байланыстырылатын нысанды, әрекетті, сапа-қасиетті т.б. сипаттайды. Мұндағы іргелі айырмашылық — белгілер тізімін жорамалдауға адамның сыртқы әлемді, дүниені қабылдауы, сол қабылданғанды сөз мағынасының психологиялық құрылымын табу және түсіндіру мақсатында қайта өңдеу ерекшеліктерін зерттеу қарама-қарсы қойылады. Бұл жерде белгілерді әртүрлі негіздемелер бойынша топтастыру (классификация) мәселесі пайда болады. Зерттеушілер оларды көбінесе екіге бөледі: 1) анықтаушы белгілер, мұнсыз сөзді (ол таңбалайтын нысанды) белгілі бір санатқа жатқызу мүмкін емес; 2) тән (сипаттаушы) белгілер, бұлар белгілі бір тіл мен мәдениетті ұстанушылар үшін қандай да бір рөл атқаратын арнайыланған сапа-қасиеттер мен қатынастарды бейнелеп көрсетеді. Қысқасы, мағынаны репрезентациялау формалары үшін белгілерге сүйену аса қажет және бұлар мағына құрылымының қолданылуында шешуші рөл атқаратын бастапқы «құрылыс материалы» ретінде пайдаланылады.

в) Сөз мағынасын прототиптік тұрғыдан қарастыру. Прототиптік тәсіл қандай да бір белгілер тіркесінің типті болатындығы туралы ұғымға ғана емес, сонымен бірге ол белгілердің бір нысанды (әрекетті т.б.) бір санатқа жатқытудағы маңыздылығы дәрежесі ұғымына да сүйенеді. Санат прототипі идеясын алғаш Элеонора Рош айтқан. Оның еңбектері санаттау саласында эксперименталдық және теориялық зерттеулердің көптеп жүргізілуіне жол ашты. Алайда, Р.М. Фрумкинаның көрсетуінше, бұл тәсілге қатысты сыни көзқарастар мен кереғар пікірлер баршылық [7]. Бұған арналған еңбектерді қарап отырып түсінгеніміз — сөз мағынасының адам санасында прототипі болатыны, бірақ ұсынылған пікірлерде тиянақтық жоқ екеніне көзіміз жетті, сол себепті сөз мағынасын антропоцентристік тұрғыдан прототиптік тәсілмен зерттеу әлі ерте екенін саналадық.

г) Сөз мағынасын жағдаяттық тұрғыдан қарастыру — сөз мағынасын түсіндіруге қатысты қазіргі кезде үлкен маңызға ие болып отырған тәсіл. Тілді қолданушы санасындағы сөз мағынасының қандай да бір ауқымды, көлемді бірлікке (мысалы, пропозиция, фрейм, сцена, сценарий, оқиға, ділдік үлгіге

т.б.) енгізу арқылы жұмсалатыны жағдаяттық, оқиғалық тәсіл (событийный подход) бойынша тексеріледі. Әдебиеттерде аталған ұғымдар әр түрлі қырынан түсіндіріледі [1: 114].

Сондай-ақ мағыналардың жеке-жеке емес, белгілі бір байланыстарда қолданылатынын, ол байланыстардың өздері анағұрлым ауқымды бірлестіктерге кластерлер (топтар), өрістер, желілер (сети) жинақталатындығына назар аудару қажет.

Сөз мағынасын жағдаяттық тұрғыдан қарастырғанда В.Я. Шабес концепциясы бойынша әрбір коммуникативтік бірлік (оның ішінде сөз) әлем туралы тұтас білім жүйесінің (когнитивтік компоненттің) вербалды түрде айшықталған, пішінделген кесіндісі, үзігі деп түсіндіріледі.

Зерттеушілер сөз өндіру үдерісіндегі «аялық білім» ұғымын адамның сөз арқылы ойлау әрекетінде когнитивтік компоненттің коммуникативтік бірлікпен тікелей өзара әрекеттесетін, бірақ вербалды түрде айшықталмайтын фрагменті ретінде анықтайды. Автор оқиғаны «аялық білімнің негізгі бірлігі» деп санайды [1: 115]. Сонымен, сөз мағынасын қарастырудың жағдаяттық тәсілі — бір жағынан, репрезентация және ділдік үлгілер ұғымымен, екінші жағынан, әлемнің тұтас бейнесіне жету тәсілі ретіндегі тілдік және энциклопедиялық білімдердің өзара әрекеттестігі проблемасымен байланыстырылады.

Бір нәрсе туралы хабарлау, айту, яғни хабарламаны жарияға ұсыну үшін сөйлеуші жеке тұлға білімнің екі түрінен ең болмаса қажетті шамада хабардар болуға тиіс. Мұның өзі оның діліне (менталитетіне) байланысты. Біріншісі — процедуралық білім. Сөз түзе білудің көмегімен керекті байымдауды құрастыру процедурасы есте сақтағаннан (жад — память) барып шығады. Мұндай процедуралардың нәтижелері жұмысшы жадқа түседі де, сол сәтте сөйлеуші үшін сөз түсінікті, оңтайлы болады. Екіншісі — декларативтік білім. Бұл — пропозиционалды болып табылады, яғни, санада сұлбасы тұрады. Сөйлеушіде декларативтік білімнің орасан зор қоры болады. Бұл — сөйлеушінің ақиқат дүние және өзі туралы жинақтаған, құрылымға түсірілген білімі (энциклопедиялық білім). Ол ұзақ уақыт бойы есте сақталады, сөзіңізден аз ба, көп пе байқалып тұрады. Сөйлеудің, сөйлесудің нақты бір жағдаяты туралы білуді де декларативтік білімге жатқызуға болады. Сөйлеуші сұхбаттастардың кім екенін, қайдан екенін, сөзін жария етер орынды білуі мүмкін. Ол — нысандардың көзге көрінетін бейнелерін, қоршаған орта туралы дыбыстық ақпаратты т.б. перцептивті түрде қабылдай алады. Мұндай жағдаяттық білім де хабарламаны кодқа салу барысында жұмсалатын, пайдаланылатын декларативтік білім ретінде оңтайлы, тиімді, түсінікті болуы мүмкін.

Дыбыстық (ауызша, тыңдалымдық, естілімдік) және жазба (көрнекі) мәтінді қабылдауда бірқатар айырмашылықтар бар. Мәселен, мәтіндерді оқу барысында (сөйлеу әрекетінің оқылым түрінде) ақпараттың келіп түсу ырғағын бақылауда ұстауға, қабылданатын сигналды бөлшектеуге болады. Ал есту арқылы қабылданатын хабарлама просодикалық, проксемикалық сипаттарымен ерекшеленеді (интонация, дауыс созылыққылығы, қарқыны, дауыс үзілістері, ымдау, ишара, сондай-ақ бетпе-бет отырып қарым-қатынас жасау кезінде түсінілімді жеңілдететін ахуалдардың болуы). Осыған Қ. Жұбановтың өткен ғасырдың 30-жылдары жазған мына бір пайымдамалары орайлас келеді: «Сөз бұйымын жасап шығару үшін де оның жасалу жолын, материалының сыр-сипатын білу керек. Сөзді дұрыс құраудың жолын білу — жазылатын сөзге ала-бөле қарау. Өйткені ауызекі сөйленетін сөздің андай-мұндай қисығын елетпейтін басқа жағдайлар бар... Дыбыстап сөйленген сөздің олқысы, көбінесе, ыммен толады. Тіпті бірінің тілін бірі білмеген, я болмаса, бірінің тілі мүлде жоқ болған уақытта да, ыммен ылаждап түсінісуге болады. Оның үстіне, сөз-сөздің жігін дыбыс сазымен бірде айырып, бірде қосып айтқасын, сөздің орны жылжып кеткені де онша байқалмайды. Сөздің әні де басқа жағынан ұқсас сөздерді айырып тұрады. Дұрыс айтылмағанын сезсе, сөйлеушінің өзі де сөзін қайта түзеп айтып, түсінікті қылады. Мұның бәрі де жеткіліксіз болса, ауызба-ауыз сөйлескен адам қайта сұрап алуына болады... Жазулы сөзде бұл кеңшіліктердің бірі де жоқ. Кітаптың сөзі қисық болсын, дұрыс болсын, қалай жазылған болса, солай оқылады; қалай оқылса, солай түсініледі, немесе түсініксіз күйімен қалып қояды. Мұнда жазған кісіден қайта сұрап алуға болмайды. Жазылған сөздің бөлшек-бөлшегін және тыныс белгілерін өте сақтықпен өз орнына қоймасаң, мұнда оның олқысын толтыратын ым да, дыбыс әні де жоқ... Сондықтан, әсіресе, жазылатын сөздің қалай құру тетігін білу өте қажет.

Сөзді қалай құрудың тетігін білу ауызекі сөз үшін де аса керекті. Өйткені топқа сөйленетін сөз де жазу тілі сияқты. Мұнда да екі кісі отырып сөйлескендегі кеңшілік жоқ» [8: 148].

Сөзді есту арқылы және оқу арқылы қабылдау үдерістері ділдік лексиконның түзіліп қалыптасуына ерекше ықпал етеді. Бұл үдерістің кеңістіктік-уақыттық факторы (жазба мәтін кеңістікте, ал дыбысталушы мәтін уақытта орналасады), тұрақтылық/өзгермелілік сипаты,

желілі//қиылыспалы жолмен өткерілуі (сөз ағынында фонемалар қабаттаса қолданылуы мүмкін), сондай-ақ сөз ағынын сегментациялаудың жеңіл немесе қиын болуы сияқты белгілері адам санасындағы лексиконның қорлануына әсер етеді. Біз үшін сөздің есту арқылы және оқу арқылы қабылдануы әртүрлі сезімдік арналар арқылы алынатын ақпаратты қайта өңдеудің қабылдаудың жалпы, ортақ заңдарына бағынатындығы маңызды болып отыр. Қазіргі қабылдау теорияларының бәріне тән нәрсе қабылдаушы субъектінің белсенділігі, қабылданымның әрекет жүйесіне қатыстылығы, мақсатты бағыттылығы, көптеген факторларға тәуелділігі (олар: мотивация-уәжделім, қосалқы жағдайлар, бұрыннан жинақталған тәжірибе, ол тәжірибенің ұзақ мерзімді есте сақталуы т.б.) [1: 238].

Сөз қабылдаудың әр түрлі үлгілерін талдаған алғашқы еңбектер А.А. Леонтьевтің есімімен тығыз байланысты [9]. Өткен ғасырдың 50–60 жылдары сөзді қабылдаудың акустикалық, артикуляциялық (моторлық) және синтез арқылы анализ жасау теориялары қолданылды. Акустикалық теория сөз ағынының қадамдар дыбыстардың буындарға, буындардың сөздерге бірігуі т.с.с. қадамдар арқылы қабылдануын, артикуляциялық (моторлық) теория субъектінің сөзді қарсы алудағы белсенділігін, ал синтез арқылы анализ жасау теориясы сөзді өндіру ережелері мен одан алынатын нәтижелерді қабылданатын сигналдармен салғастыру арқылы танып-білу жолдарын қарастырды.

Сөзді есту арқылы қабылдаудың жеке тұлғаның лексиконына қатысы туралы тиянақты, ғылыми дәлелденген пікір кездеспеді. Ол түгілі, Дж. Кесс айтқандай, сөзді өндіру мен қабылдау механизмдерінің өзара әрекеттесуі туралы мәселе әзірге шешімін таппаған деп саналады [1: 239].

Сөзді қабылдаудың бір жолы — жазба сөзді (көрнекі) қабылдау. Жазба мәтінді түсіну амалдарын зерттеу Л.С. Выготскийдің, Н.И. Жинкиннің, А.Р. Лурияның, А.А. Смирнов, А.Н. Соколов, В.А. Артемов сынды зерттеушілердің еңбектерінде жинақталып, теориялық тұрғыдан зерделенген, жасалған түйіндер көптеген эксперименттердің нәтижесіне сүйенеді. Қабылдау (восприятие) мен түсінудің (понимание) өзара әрекеттестігін тұтас үдеріс ретінде қарастыратын мәністі қабылдау (смысловое восприятие) И.А. Зимняяның еңбектерінде жан-жақты зерттелді. Оның дәлелдеуінше, сөзді қабылдау мен түсіну үдерістерінде жанданатын «тұрақты сөздік-логикалық жад» дегеніміз — дыбыстар, дыбыс тіркестері және сөздер сияқты бір-біріне сатылы жолмен бағынышты эталондар жүйесі болса, мәністік қабылдау деңгейінде қажетті эталон ретінде «ең кіші мәнді лингвистикалық бірлік туралы шешім қабылдауға сөз жұмсалады. Ал мәністік қабылдау үдерісінің өзі осы сөздер арасындағы мағыналық байланыстарды орнату жолымен жүзеге асырылады» [10: 25]. Мәністік қабылдау тұлғаның ділдік лексиконында сақталған сөз бен оның мәні туралы мәліметтермен үйлесуге тырысады, үйлесе, орныға түседі, үйлеспесе, семантикалық жадта жаңа «орын» пайда болады, ол орынға жаңа мәлімет енгізілуге тиісті болады.

Мәселен, Қарағанды облыстық теледидарында «Үт» атты хабар жүрді. Хабар жүргізуші кіріспе хабарда «үт» сөзінің ескі қазақ тілінде «сәуле» деген мағына білдіретінін айтты. Зерттеуге тартылып жүргендерден осыны қабылдау жайын сұрадық: «үт» сөзін енді «сәуле» деген сөздің орнына қолданасыз ба? Жауаптың 98 %-ы «қолдана алмаймыз, «сәуле» деген сөз тұрғанда, қажеті шамалы», 90 %-ы «тарихи, көркем әдебиеттерде қолдануға болады, күнделікті қолдануға қажеті жоқ», 78 %-ы «есте қалмайтын сөз», 19 %-ы «қолдануға болады, қазақтың ескі сөзін ұмытпауымыз керек» деп жауап берген. Мұнан мынадай қорытынды шығардық: 1. «Үт» сөзі саңылаудан түскен сәулені, жарықты білдіретінін анықтап білмеген; 2. «Үт» сөзі жадтарындағы «сәуле» сөзімен ойдағыдай үйлеспеді, жаңа орын пайда болды. Жаңа орын пайда болу себебі «үт» сөзінің сәуле ретіндегі мәні өзгеше (саңылаудан түсуі).

Бұған «үдеріс», «үрдіс» сөздерін қабылдау да мысал бола алады. Қазір көптеген адамдар бұл сөздерді бірінің орнына бірін қолданып жүр. Ал, шындығында, «үдеріс» — «процесс» сөзінің, «үрдіс» — «тенденция» сөзінің баламасы етіп қабылданған. Қарапайым қазақ сөйлеушінің семантикалық жадында «процесс» сөзі де, «тенденция» сөзі де берік орнықпағандықтан, «үдеріс» пен «үрдіс» сөздерінің дыбысталу ұқсастығына байланысты семантикалық жадтағы «жаңа орынға» екеуі «таласып» қалуы — психолингвистикалық заңды құбылыс. Бұлар қолданыла келе әрқайсысы өз орнына ие болатынына әбден сенуге болады.

Тағы бір мысал «егемен» сөзіне байланысты. «Егемен» сөзін ел көп ұзамай қабылдап кеткені белгілі (ал оның диалектіден алынғаны туралы әңгіме филологияға қатысы бар адамдарға ғана байланысты). Бұл халықаралық термин суверенитеттің баламасы ретінде алынған болатын. «Суверенитет» сөзінің мән-мазмұны қарапайым қазақтың семантикалық жады үшін (бұл сөздің совет

идеологиясына жат болғанын еске түсіру артықтық етпейді) «мағынасы алыс, үні жат» болғаны белгілі. Сондықтан «еге» сөзінің мәні семантикалық жадтағы «ие» сөзінің мәніне үйлесе кетті. Сөйтіп жалпы халықтың семантикалық жадына орнығып қалды.

А.А. Залевскаяда айтылған дыбысты /дыбысталған сөзді/, жазылған әріпті санада мағына айыратын қабілеті бар фонемаға көшіру, яғни фонологиялық сүзгіден өткізу әрекеті адамның тілдік тұлға ретіндегі сапасына байланысты болатыны туралы идея бар [1]. Дыбысты /дыбысталған сөзді/ фонемаға көшіру «тәсілі», яғни фонологиялық електен өткізу психолингвистикадағы сөзтудырым процесіндегі аса маңызды әрекет — «фонологиялық кодқа салумен» үндеседі. Осы тұста ғалым Н. Уәлиевтің дыбыс пен әріптің байланысын оптикалық сигналды акустикалық сигналға және керісінше, акустикалық сигналды оптикалық сигналға айналдыру үдерісінен іздейтіні, мұнда мағына үшін шешуші рөлдің дыбыс пен әріптің арасындағы дәнекер — тіл бірлігі фонеманың еншісінде болатындығы туралы тұжырымдары назар аудартады [11: 16–17]. Бірқатар зерттеушілер мәтінді түсінуді талдағанда, нысан (мәтін), субъект (реципиент) және қабылдау үдерісінің әр алуан жағдайларда әр қилы әрекеттесуі барысындағы өзіндік ерекшеліктерін ескере отырып, зерттеу керек деп санайды. Сондай-ақ А.С. Штерн: «Мәтін сөзбен салыстырғанда сапалық тұрғыдан өзгеше жасалым, оны қабылдау үшін басқа шамалар қажет», — дейді. Түсінуге себеп болатын тірек сөздер жиынтығын мәтін бүтіндігі, тұтастығы тұрғысынан алғанда оперативтік бірлік деп санауға болады. Ал фреймдер сияқты құрылымдық эталондар мәтін байланыстылығын әр алуан деңгейлерде танып-білуге мүмкіндік береді [1: 253].

Менталдық (ділдік) жасалым (мәтін концептісі, оның тұтастық // бүтіндік ретіндегі мәні), реципиенттің мәтінді мағыналық қабылдауының нәтижесі мәтін жобасы деп түсініледі. Ол белгілі бір дәрежеде мәтін жобасының автор ойлаған нұсқасына жақын келеді. Ю.А. Сорокин «автор — реципиент — мәтін» үш тағанын (триада) зерттеу қажеттігін айтса [12: 2], А. Залевская бес бөліктен тұратын жүйені қарастыруды ұсынады: автор — мәтін жобасының авторлық нұсқасы — мәтіннің өзі — реципиент — мәтін жобасының реципиенттік нұсқасы.

Бұлардың ішінде мәтіннің өзі ғана (мәтін тұрқы, қаңқасы) тұрақты (константты) болады. Тіпті автордың өзі бір адам бола тұра, өзі шығарған мәтінді әр түрлі қабылдап, әр қилы түсінуі мүмкін. Өйткені ойлау әрекеті, санадан тыс жүріп жататын әр алуан үдерістер субъектіге үнемі әсер етіп отырады да, түрлі жағдайда болады. Соған сай оның көңіл-күйі, болмысы өзгеріп отырады. Сөйтіп, автордың өзі мәтінге әр түрлі мағыналық акцент қойып отырады.

Жария болған сөзді немесе ауызша мәтінді бағдарлауда және оны түсіну барысында тұлға әр алуан тіректерге сүйенеді. Ол тіректерді шартты түрде беткі және терең деңгейлерге бөлуге болады. Олардың беткі деңгейі мәтіннің тереңінде жатқан мәнді түсінуге жеткізетін құрал ретінде қажет болады. Мәселен, адам өзіне бейтаныс тілдегі мәтінді қабылдау барысында, ең алдымен, қандай да бір мәнді бөліктерді тануға тырысады. Ол сөздер арасындағы іркілістерге (пауза), тыныс белгілеріне, сөйленімде қайталанып отыратын элементтерге т.б. сүйеніп мәтіннің қара жобасын түсініп алады. Соларды парықтап алмай мәтінді толық түсіне алмайды.

Ішкі және сыртқы тіректер саналы түрде түсінудің, яғни ұғынудың әр түрлі деңгейлерінде бірдей жүзеге асырылады. Аса маңызды тіректер қатарына жағдаятты жатқызамыз. Жағдаяттың санада жаңғыртылатынын (реконструкциясын), оны әр тұлғаның өзінше бұрмалап, шамалап түсінетіндігін эксперименталдық зерттеулер дәлелдеп берді.

Мәселен, белгілі бір контекске, жағдайға сәйкес қолданылған эллипсис сөйлем, сол контекстен, жағдайдан тыс алғанда ол мәнін жояды да, өзінің коммуникативтік қызметін атқара алмай қалады. Өйткені құрылым элементтері арасындағы вербалды құралдар (сөздер) арқылы берілмеген грамматикалық байланыстар тек контекст көмегімен ғана іске асырылады, нақтылы көрінеді. Мұны актуалды синтаксисте тілдік және тілдік емес құралдармен беріліп отырған ақпараттың біртұтас мағыналық кешеніне біріктіруші актуализаторлар ықпалы деп таниды. Мұндай «бас еркі жоқ» түзілістерді қайта қалпына келтіру үшін негізгі тірек ретінде тұлға жадында сақталатын жағдаят образы фрейм жұмсалады. Жағдаяттан тыс алынған ақпаратты реципиент (қабылдаушы) оны өзінің әртүрлі білімдері негізінде қайта өңдеп, қабылдаған соң ғана айтылысты түсінуге жол ашылады.

Жағдаяттық шарт-жағдайлардың сырттай таныстығы тұлғаның айтылыстардың ішіндегі «бос орындарды» толықтыру амалын едәуір жеңілдетуі де, күрделендіруі де мүмкін. Ол амалды орындау ұсынылған айтылыстардағы жағдаят және одан тыс алынған образдар реципиенттің осыған ұқсас жағдаят туралы өзіндік түсініктерімен қиюласпаса қиындай түседі. Бұған дәлел ретінде мұғалім мен оқушы қарым-қатынасындағы ықшамдалған сөйлемдерді келтіруге болады. Бұл — оқып жүрген,

бұрын бір немесе бірнеше рет кездесіп, сөйлескен коммуниканттар арасындағы диалогке тән құбылыс. Өйткені, белгілі бір ақпарат алмасымы болғаннан кейін, мұғалім де, оқушы да сабақ, оның барысы, мақсаты, түсіндіру тәсілі т.б. туралы қандай да бір түсінік қалыптасады, хабардарлық болады. Оны өзіндік бір аялық білім, яғни тар мағынасында алынған пресуппозиция деуге де болады. Кезекті сабақ барысында мұғалім мен оқушы алдыңғы кездесуде болған әңгімеге сүйене отырып сөйлеседі. Олар әрбір мәселе туралы сөзді басынан бастап жатпай-ақ әңгімені жалғастыра береді. Мынадай мысал келтірейік.

– Қалай, өткендегіні орындадың ба?

– Иә, бірақ білмеймін дұрыс па, дұрыс емес пе?

Мұғалім мен оқушы арасындағы бұл әңгіме үзіндісін бөгде адамның түсіне қоюы қиын. Мұғалім оқушыға үй тапсырмасына қазақ тілінен жалғауларды жазып келуді берген екен.

Адам сөйлеген кезде өзіне керекті ақпаратты толығымен, жаңадан бастап баяндамайды. Тыңдаушы үшін де, өзі үшін де бұрыннан таныс нәрсені мейлінше азайтып, көп болса 2–3 сөзбен жеткізуге тырысады. Мысалы, жаңағы мұғалімнің сұрағын толықтыратын болсақ, *Қалай, өткендегі тәуелдік, көптік, септік, жіктік жалғауларын орындадың ба?* болар еді. Оған оқушы толық түрде *Иә, өткендегі тәуелдік, көптік, септік, жіктік жалғауларын орындадым, міне* деген болар еді. Күнделікті ауызекі сөйлеу тілінде сөйлемдердің толық нұсқасын қолданып сөйлеуге ешкім де тырыспайды. Өйткені ол — кітаби жазба форма, сондықтан ауызша сөзде жасанды екені көрініп тұрады. Ал жаңағыдай қысқа-қысқа сөздермен алмасса, *Қалай, орындадың ба? Иә, міне...* бұл кәдімгі өзіміз күнде көріп, қолданып, куә болып жүрген «өмірдегі» сөз болып шығады. Сондықтан осылай ықшам, қысқа сөйлеу арқылы коммуниканттар ауызша сөзге тән бірінші шарт — үнемдеу заңын орындап отыр. Редукция — осы үнемдеу заңының бірінші шарты. Ал эллипсис дегеніміз — тікелей редукцияның жемісі, нәтижесі. Ол арқылы адам ауызша сөз нормасын меңгеру дәрежесін көрсете алады. Алайда бұл жерде ауызша сөз материалы қарастырылып отырғандықтан, мәтін үзіндісін түсінуде, біріншіден, жағдаят (мұғалімнің қабылдауы), екіншіден, оқушының («қосымша» т.б. туралы) лингвистикалық түсініктерден хабардарлығы негізге алынады.

Қорытынды

Сөз өндіру қас қағымда орындалатын сияқты, алайда бұған енгізілетін («входной») сигналды (дыбыстар ағыны) көп кезеңді қайта өңдеу арқылы қол жеткізілетінін, ал ол мәнді, маңызды сигнал ретінде танылуы керектігін, адам үшін сөз ағынын мәнді бөлшектерге дұрыс бөлу, көп мағыналы (полисемантикалық) сөздің керекті мағынасын таба білу, омоним сөздерді ажырата білу т.б. үнемі оңай бола бермейтінін ділдік лексиконның негізгі сипаттарының бірі екендігін айтып өттік. Бұл тұста сөзұғынымның ділдік лексиконға ғана емес, жалпы сөйлеу әрекетіне тән екендігін ескертумен шектелуге тура келеді.

Сонымен бірге, ауызша мәтінді түсіну, міндетті түрде, жағдаятқа, бізді қоршаған ортада не немен қалай байланысатындығын білдіретін білімдер құрылымына сүйену, соларды тірек ету арқылы жүзеге асырылады. Сондықтан түсіну мен өзара түсіністік үшін аса қажет спецификалық тірек ретінде қорытынды білімнің жұмсалыуына қатысты мәселелерді қарастыру қажеттігіне көз жеткіземіз.

Қорыта айтқанда, сөзді, мәтінді түсіну — субъекті қабылдайтын ақпаратты перцептивтік-когнитивтік-аффективтік (қабылданымдық — танымдық — әсерлілік) қайта өңдеуді қамтитын күрделі, көп кезеңді үдеріс. Ол білімнің әр алуан түрлерінің (тілдік, тілдік емес, энциклопедиялық, қорытынды білімдер) өзара әрекеттестігін талап етеді. Осы үдерістер мен білімнің (түсінік көлемі) ықпалдасуы нәтижесінде адамда ділдік лексикон түзіліп, қалыптасады.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Залевская А.А. Введение в психолингвистику / А.А. Залевская. — М: РГГУ, 2000. — 382 с.
- 2 Копыленко М.М. О различиях между производством, порождением и синтезом речи / М.М. Копыленко // Психолингвистические проблемы владения и овладения языком. — М., 1969. — С. 97–103.
- 3 Айтмұхаметова Қ.Ө. Институционалды коммуникация: дәрігер-науқас: филол. ғыл. канд. ... дис.: 10.02.02 — Қазақ тілі / Қ.Ө. Айтмұхаметова. — Алматы, 2003. — 132 б.
- 4 Залевская А.А. Проблемы организации внутреннего лексикона человека / А.А. Залевская. — Калинин, 1977. — 82 с.
- 5 Зимняя И.А. Психолингвистические аспекты обучения говорению на иностранном языке / И.А. Зимняя. — М., 1985. — 273 с.

- 6 Ахутина Т.В. Порождение речи: нейролингвистический анализ синтаксиса / Т.В. Ахутина. — М., 1989. — 163 с.
- 7 Фрумкина Р.М. Психоллингвистика / Р.М. Фрумкина. — М.: Изд-во «Академия», 2003. — 320 с.
- 8 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер / Қ. Жұбанов. — Алматы: Ғылым, 1989. — 581 б.
- 9 Леонтьев А.А. Язык, речь, языковая деятельность / А.А. Леонтьев. — М.: Просвещение, 1969. — 214 с.
- 10 Зимняя И.А. Смысловое восприятие речевого сообщения / И.А. Зимняя. — М., 1976. — С. 5–33.
- 11 Уалиев Н.М. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері: филол. ғыл. канд. ... дисс.: мамандығы 10.02.02 — Қазақ тілі / Н.М. Уалиев. — Алматы, 1993. — 162 б.
- 12 Сорокин Ю.А. Психоллингвистические аспекты изучения текста: автореф. дис. ... д-ра филол. наук. Спец. 10.02.19 — «Теория языка» / Ю.А. Сорокин. — М., 1988. — 68 с.

С.А. Кенжеғалиев

Речевая деятельность и лексикон языковой личности

В статье рассмотрены особенности процесса произношения и лексикона, которые являются неотъемлемой частью речевой деятельности личности. Исследован вопрос влияния разума на человеческую психологию и речь и, наоборот, влияние психологии и языка на ментальность. Выявлено, что сознание, как психологическое явление, универсально, и в психике преобладают общие черты, а в сочетании с языком наблюдаются особенности национального менталитета. С точки зрения психоллингвистики ментальный лексикон зависит от психики личности как части человечества, в целом, и от внутреннего движения души, в частности. Иными словами, процесс словообразования и восприятия — общий для всех народов. Их отличает язык, применяемый для описания реальности. В то же время в нашем исследовании акцентировано внимание на аспектах и особенностях языковой личности в отношении использования значения слова в соответствии с его прагматическим назначением.

Ключевые слова: речевая деятельность, языковая личность, лексикон, словообразование, ментальность, восприятие, репрезентация, код, память.

S.A. Kenzhagaliyev

Language activity and lexicon of linguistic persona

The features of pronunciation process and lexicon, which are an integral part of a person's speech activity, are discussed in the article. The question of the influence on human psychology and speech, and vice versa, the influence of psychology and language on mentality is considered. It has been revealed that consciousness as a psychological phenomenon is universal, while common features prevail in the psyche and in combination with language, the peculiarities of the national mentality are observed. From the point of view of psycholinguistics, the mental vocabulary depends on the psyche of the individual as a part of humanity as a whole, and on the inner action of the soul. In other words, the process of word formation and perception is common for all peoples. They are distinguished by the language used to describe reality. At the same time, our study focuses on the aspects and characteristics of the linguistic persona in relation to the use of the meaning of a word in accordance with its pragmatic purpose.

Keywords: speech activity, linguistic persona, lexicon, word formation, mentality, perception, representation, code, memory.

References

- 1 Zalevskaya, A.A. (2000). Vvedenie v psikholingvistiku [Introduction to Psycholinguistics]. Moscow: RGGU [in Russian].
- 2 Kopylenko, M.M. (1969). O razlichiiakh mezhdou proizvodstvom, porozhdeniem i sintezom rechi [On the differences between production, generation and synthesis of speech] // *Psikholingvisticheskie problemy vladeniia i ovladeniia yazykom — Psycholinguistic problems of language proficiency and mastery*. Moscow [in Russian].
- 3 Aitmukhametova, Q.O. (2003). Institutsionaldy kommunikatsiia: dariger-nauqas [Institutional communication: doctor-patient]. Candidate's thesis. Almaty [in Kazakh].
- 4 Zalevskaya, A.A. (1977). Problemy organizatsii vnutrennego leksikona cheloveka [Problems of organizing a person's internal vocabulary]. Kalinin [in Russian].
- 5 Zimnyaya, I.A. (1985). Psikholingvisticheskie aspekty obucheniiu govoreniiu na inostrannom yazyke [Psycholinguistic aspects of teaching speaking in foreign language]. Moscow [in Russian].

- 6 Akhutina, T.V. (1989). Porozhdenie rechi: neirolingvisticheskiy analiz sintaksisa [Speech production: neurolinguistic syntax analysis]. Moscow [in Russian].
- 7 Frumkina, R.M. (2003). Psikholingvistika [Psycholinguistics]. Moscow: Izdatelstvo «Akademiia» [in Russian].
- 8 Zhubanov, Q. (1989). Qazaq tili zhonindegi zertteuler [Research on the Kazakh language]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 9 Leontiev, A.A. (1969). Yazyk, rech, yazykovaia deiatelnost [Language, speech, language activity]. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 10 Zimnyaya, I.A. (1976). Smyslovoe vospriatie rechevogo soobshcheniia [Semantic perception of a speech message]. Semantic perception of a speech message. Moscow [in Russian].
- 11 Ualiev, N. (1993). Qazaq grafikasy men orfografiiasynyn fonologiialyq negizderi [Phonological bases of Kazakh graphics and spelling]. Candidate's thesis. Almaty [in Kazakh].
- 12 Sorokin, Yu.A. (1988). Psikholingvisticheskie aspekty izucheniia teksta [Psycholinguistic aspects of the study of the text] Doctor's thesis. Moscow [in Russian].

Букеетов университет